

**Құдықсай ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 9 ақпандағы № 2 "Құдықсай ауылдық округінің елді мекендеріне көше атауын беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Құдықсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 сәуірде № 5471 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Құдықсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Құдықсай ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2009 жылғы 9 ақпандағы № 2 "Құдықсай ауылдық округінің елді мекендеріне көше атауын беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-12-81 тіркелген, 2009 жылғы 12 ақпандағы аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ, Құдықсай ауылдық округіне қарайтын елді-мекен тұрғындарының 2009 жылғы 02 ақпандағы конференциясының хаттамасына сәйкес, Құдықсай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Құдықсай ауылдық округінің әкімі*

*Н. Изтлеуов*